



БҮЙРЫҚ

2015 ж. 29 наурыздан № 724

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Ротацияға жататын мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) басшылықлауазымдардың тізбесін және оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы



«Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 31-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1) Осы бүйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Ротацияға жататын мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) басшылықлауазымдардың тізбесі;

2) Осы бүйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Ротацияға жататын мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) басшылықлауазымдарын атқаратын қызметкерлерін ауыстыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі



Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2015 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 724 бұйрығына  
 1-қосымша

**Ротацияға жататын мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу  
 бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) басшылық  
 лауазымдарының тізбесі**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) орталық аппаратында:

департамент директоры;

басқарма басшысы;

басқарма басшысының орынбасары;

Комитеттің аумақтық органдарында:

құқық қорғау қызметіне жетекшілік ететін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттері басшысының орынбасары;

құқық қорғау қызметіне жетекшілік ететін «Достық» кедені басшысының орынбасары;

басқарма басшысы.

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
 № 724 бұйрығына  
 2-қосымша

**Ротацияға жататын мемлекеттік кірістер органдарының  
 жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі)  
 басшылықлауазымдарын атқаратын қызметкерлерін аудыстыру  
 қағидалары**

1. Осы Ротацияға жататын, басшылықлауазымдарын атқаратын қызметкерлерді аудыстыру қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заны 31-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Ротация – қызмет мүддесіне орай кадрлық әлеуетті ұтымды пайдалану мақсатында жүзеге асырылатын, басшылықлауазымдарды атқаратын қызметкерлерді жоспарлы аудыстыру.

**Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің  
 (экономикалық тергеу қызметі) қызметкерлерін аудыстыру тәртібі**

3. Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) (бұдан әрі – ЭТҚ) қызмет өткери кезінде кәсіби әлеуеттің тиімді пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында басшылықлауазымын атқаратын қызметкерлердің ротациясы жүзеге асырылады.

4. Ротацияға Комитеттің және оның аумақтық органдарының ЭТҚ қызметкерлері жатады.

5. ЭТҚ қызметкерлерінің ротациясы Комитет төрағасының шешімі бойынша жоспарлы негізде бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

6. ЭТҚ қызметкерлерін ротациялау мынадай схема бойынша жүйелі негізде өткізіледі:

- 1) деңгейаралық («орталық-өнір», «өнір-орталық»);
- 2) өнірааралық («өнір-өнір»);
- 3) сектораралық («орталық-орталық»).

7. ЭТҚ қызметкерлеріне ротациялауды жүргізу бойынша, оның ішінде қызметкерлерді ротациялау бойынша жоспар жобаларын жасау бойынша ішшараларды ұйымдастыру Комитеттің кадр қызметіне кемінде бес жылға жүктеледі.

8. Ротациялау жоспар жобасында ЭТҚ қызметкерлері туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) ЭТК қызметкерінің тегі, аты, экесінің аты (ол болған кезде);
- 2) ЭТК қызметкерінің лауазымы, біліктілік сыйныбы;
- 3) аталған басшылық лауазымда ротациялаудың жоспарланған мерзімі;
- 4) отбасы жағдайы және отбасы мүшелерінің саны;
- 5) ЭТК қызметкерін қызметтік тұрғын үй-жаймен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ақпарат.

9. ЭТК қызметкерлеріне ротациялауды жүргізу жоспары құқық қорғау қызметіне жетекшілік ететін Комитет төрағасы орынбасарымен, аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының басшыларымен келіседі және Комитет төрағасы бекітеді.

10. Бекітілген жоспар ЭТК қызметкерлеріне ротациялауды жүргізу кезеңі болғанға дейін кемінде бір жыл бұрын жүзеге асырылады.

11. ЭТК қызметкерлерін ротациялау бойынша шешім қабылдаған кезде олардың қызметін бағалау нәтижесі есепке алынады (жұмыс тәжірибесі, кәсіби жетістіктері, кәсіби құзыреттілік деңгейі, біліктілігін арттыруы).

12. Ротациялау жоспарына енгізілген ЭТК қызметкерлері ол бекітілгеннен кейін үш күндік мерзімде жоспармен таныстырылады.

Ротациялау бойынша қабылданған шешім жеке құрам бойынша Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

13. ЭТК қызметкерін ротациялау тәртібінде басқа елді-мекенге тағайындау туралы мәселені шешкен кезде, тиісті мемлекеттік кірістер органының кадр қызметі ЭТК қызметкерін тағайындағанға дейін кем дегенде 10 күнтізбелік күн бұрын қызметкердің тағайындалуы жоспарланған тиісті мемлекеттік кірістер органына (Комитетке немесе аумақтық органына) тұрғын үй қажеттілігі туралы уәжді ақпаратты жолдайды.

14. Жоспардан тыс жүзеге асырылатын ЭТК басшылық лауазымдарына ЭТК қызметкерін тағайындау ротация болып табылмайды.

15. ЭТК қызметкерін басқа елді-мекендердегі қызметке ротациялауға қызметкердің жазбаша келісімімен, ал қызмет мұддесінде – лауазымында болу мерзіміне қарамастан және қызметкердің жазбаша келісімінсіз жол беріледі.

16. Басқа елді-мекенге көшумен байланысты ротациялауға мүгедек балалары (қамқоршы болып табылатын), оның ішінде асырап алған ұлдары (қыздары) немесе асырауында қарт ата-аналары, не онымен бірге тұрақты тұратын және 1 және 2-топ мүгедектігі бар отбасы мүшелері бар қызметкерлер жатпайды.

Көрсетілген мән-жайлар құжаттармен расталуы тиіс.

17. ЭТК қызметкерін ауыстыру, бір басшылық лауазымнан ЭТК басшылық лауазымы бойынша бұрынғы лауазымдағы бірдей біліктілік сыйныбы мен жалақысын көздейтін басқа тен дәрежелі лауазымға жүргізіледі.